



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАН 20 жыл



22-23 сәуірде Алматыда Қазақстандағы президенттік институттың құрылуына 20 жыл толуына орай «Қазақстан Республикасының президенттік институты: тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Алматы қаласы әкімшілігі және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен жүзеге асқан ауқымды шараға ҚР Президенті Әкімшілігі мен Конституциялық Кеңесінің, мемлекеттік орталық органдардың басшылары, ҚР Парламентінің Сенат және Мәжіліс депутаттары, Алматы қаласының әкімі мен орынбасарлары, ЖОО-ның ректорлары, ҒЗИ және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысты. Сондай-ақ, Ұлыбритания, Үндістан, Италия, Қытай, Ресей, Сауд Арабиясы, АҚШ, Франция, Оңтүстік Корея және т.б. алыс-жақын елдердегі қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен саясаткерлер де ат салысты.

конференцияның алғашқы күнін ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы Игорь Иванович Рогов ашты. «Өткен жиырма жыл ішінде мемлекеттіліктің барлық нышандарың қамтыған Қазақстан зайырлы және теңқұқылы мемлекетке айналды. Бұл қысқа уақыт аралығына басқа елдердің дәстүрлі эволюциялық дамуының ондаған жылдары тоғысқан. Жаңарудың жетістіктері – заманауи конституциялық, демократиялық мемлекет, белсенді азаматтық қоғам, мүлде жаңа экономикалық құрылым, ішкі және сыртқы озық саясат.

19 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 65-жылдық мерейтойына арналып, еліміздегі ЖОО студенттері арасында «Ұлы жылдарға тағзым!» атты республикалық сахналанған әскери-патриоттық ән байқауы өтті.

Ардагерлерге тағзым – тарихқа тағзым

Бұл шарада соғыс жылдарының ауыр кезеңдерін еске түсіретін, Ұлы Жеңістің бағасын арттыратын патриоттық әндер шырқалып, ұрыс жылдарындағы жауынгерлеріміздің ерліктері сахналанды. «Ұлы жылдарға тағзым!» атты сахналанған әскери-патриоттық әндер байқауында еліміздің 12 жоғары оқу ордасының көркемөнерпаздар ұжымы бақ сынасты. Атап өтер болсақ, аталмыш байқауға Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ медициналық университеті, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Қ.Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Астана қаласынан С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті, Қазақ-Американ университеті, Қазақ Бас Сәулет және Құрылыс Академиясы, Талдықорғаннан І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Тараздан Мемлекеттік педагогикалық университет, Шымкент қаласынан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері қатысып, өзара қызықты тартысқа түсті.

(Жалғасы 3-бетте)



(Жалғасы 2-бетте)

санда:

БҮГІНГІ

ҚазҰУ қызылағаштық студенттерді тегін оқытады

2-бет



ӨРКЕН

5-8-беттер

Газет ішіндегі студенттер газеті

Вечная память выдающемуся ученому Казахстана

9-бет



■ Конференция

■ Асар

ӘЛЕМДІ МОЙЫНДАТҚАН

(Соңы. Басы 1-бетте)

20 жыл

ҚазҰУ ректоры, академик Бақытжан Жұмағұлов та алғашқы болып құттықтау сөз сөйледі. «Баршалаңызды еліміздің тарихындағы елеулі күн – Президент институтының 20 жылдығымен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Осы мезгілде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тұлғасының даралығы мен көрегендігі Президент институтымен ұштасып, Қазақ мемлекетінің қалыптастыру тірегіне айналды. Еліміз әлемге танылды. Қазіргі кезде Президент институты саяси-экономикалық тұрақтылықтың кепілі. Сондықтан қазақ қоғамындағы Президент институтының рөліне арналған бүгінгі форумның маңызы ерекше деп білемін», – дей келе, ректор «Президент институты және Қазақстанда интеллектуалдық ұлт қалыптастыру» деп аталатын баяндамасын көпшілік назарына ұсынды.

Сондай-ақ, конференция барысында еліміздегі ғана емес, АҚШ, Ресей, Үндістан, Өзбекстандағы президенттік институттың қалыптасуы жайлы да тиісті елдер өкілдерінің баяндамалары оқылып, сан қырлы тақырыптар қамтылды. Қазақстан Республикасының халықаралық имиджінің қалыптасуындағы Президенттің рөлі, кешегі тәжірибе мен жарқын болашақ, еліміздегі және әлемдегі президенттік институттың ерекшеліктері кеңінен талқыланды.

Аталмыш конференция аясында ресейлік белді саясаткерлер мен ғалымдардың ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қайраткерлігі, реформалары мен бастамалары туралы эксперттік бағалаулары, салыстырмалы талдауларынан тұратын «Қазақстандағы президенттік билік – табысты 20 жыл» атты кітаптың тұсауы кесілді. Кітап ғалым, ұстаздар қауымы мен студенттерге және Қазақстанның жаңа тарихына қызығушы қауымға арналған. Сонымен қатар, жиналған қауымға Маджид бен Абдель Азиз ат-Туркидің «Свет власти в Казахстане: Президент Нурсултан Назарбаев» атты кітабының ҚазҰУ ректоры Бақытжан Тұрсынұлының басшылығымен аударылған нұсқасы таныстырылды.

Ғылымның қан тамырына айналған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да өткен конференцияның екінші күні 4 секцияның қызу жұмысымен

басталды. Олар – Экономикалық даму: жаңа мүмкіндіктер мен перспективалары; Қазақстан және сыртқы әлем: ынтымақтастық пен қауіпсіздік; Саяси жүйені жаңғырту: теория және практика; Жаһандану жағдайындағы ғылым және білім деп аталып, мұнда президенттік институттың тарихи, құқықтық, экономикалық, халықаралық мәдени-гуманитарлық және саяси аспектілерде дамуы тереңнен зерттелген баяндамалар оқылды. Конференцияға қатысушылар президенттік институттың жетістігін бағалап, мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси модернизациясын жан-жақты талдады.

Бұл күннің басты әрі салтанатты сәттерінің бірі – Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ұйымдастырылған «Қазақстан Республикасының президенттік институты: тарих және қазіргі заман – 20 жыл!» атты көрмесі. Қазақстанның саяси, мәдени, экономикалық өмірі мен Елбасы шығармашылығынан сыр шерткен аталмыш көрмені зор қызығушылықпен тамашалаған соң, қонақтар ендігі сәтте конференцияны қорытындылау мақсатымен оқытушылар мен студенттер жиналған залға беттеді.

Талапты жас пен тәжірибелі ұстаздар қауымы бас қосқан кеште ҚР Конституциялық Кеңесінің тө-

рағасы Игорь Иванович Рогов және секция басшылары түйінді сөз сөйлеп, ректор Бақытжан Тұрсынұлы конференцияны қорытты. Ол аталмыш конференция өз міндетін абыроймен атқарып, онда Қазақстандағы президенттік институттың тек өткені таразыланып, ғылыми тұрғыдан зерттеліп қана қоймай, сәулемелі болашаққа жетелер жолдар да анықталғанын атап өтіп, мінбеге ҚР Білім және ғылым министрінің орынбасары М.Сарыбековті шақырды. Вице-министр конференция ұйымдастырушылары мен қатысушыларын жемісті жұмыстарымен құттықтай отырып, конференцияның тақырыбын қамтитын студенттік байқаудың лауреаттары мен бірқатар заң саласының ардагерлерін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің арнайы бұйрығымен «ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады. Кездесу әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері ұйымдастырған гала концертпен тамамдалды.

Әйгерім
ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



Апат адамға айтып келмесі белгілі. Халқымыз от пен суға, табиғаттың тосын мінезіне тілсіз жау деп атау қойған. Осы ретте тілсіз жау Қызылағаш елді мекенін бұрын-соңды болмаған қайғылы апатқа ұшыратты. Қас пен көздің арасында 40-тан астам жан өмірмен қоштасып, ажал құшты. Жүздеген қарапайым халық табанасты бақытсыздыққа ұрынды. Бір сөзбен айтқанда, халқымыз қара жамылды.

ҚазҰУ қызылағаштық студенттерді тегін оқытады

Алматы облысының Ақсу ауданына қарасты Қызылағаш ауылындағы сыйымдылығы 42 млн. текше метрлік су қоймасы салдарынан болған апатты оқиға қанша жанның тағдырын қиып, күллі ауылдың тұрмыс жайын жоқ қылды. Қаралы бейсенбі – наурыздың 11-нен 12-не қараған қараңғы түнде мұз құрсаған бөгетті тосыннан бұзып, шырты ұйқыда жатқан талай адамды жұтқан қанды тасқын, Ақсудың жылап аққан суы ешкімді бей-жай қалдырған жоқ. Адам жүрегі жылап, жақынынан айырылған тұрғындардың ыстық жасы да су қоймасы тәрізді жанарына сыймады. Қырғынға ұшырағандар саны қырықтан асып, үй-жайсыз, мал-жансыз қалған халықтың қайғы-мұңы ендігі тарихта болмасын деп тілейік. Қайғыға ұшыраған халыққа қол ұшын созып, мейірімділік таныту сауапты іс. Осы орайда, қан жұтқан Қызылағашқа жан-жақтан демеу көрсетіліп, олқылықтың орнын толтыруға жұрт болып жұмылуға. Алайда, бұл Қызылағаш қайғысы орын толмас өкініш қой. Дегенмен, жан ауырғанда жылы сөз жан семіртіп, жақсы сөз жарым ырыс боларын назарға ұстаған азаматтар мен азаматшалар қайырымдылық шараларын қолға алуда. Осы орайда, еліміздің көшбасшы оқу ордасы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Жұмағұлов өткен сенбіде Қызылағаш ауылына арнайы барып, елдің жағдайын көріп қайтты.

Қызылағаштықтарға арналған есепшотқа осыған дейін ҚазҰУ ұжымы 10 млн. теңге аударып, 2,5 млн. теңгенің азық-түлігін жеткізіп беріп, ауыл саябағына 50 түп ағаш көшеттерін отырғызған еді. Бұл күні де халықтың жағдайын ойлай келген ұлттық университет ректоры ауыл тұрғындарына 2 тонна азық-түлік тарту етті. Сонымен бірге, Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовпен кездескен сәтінде оқу орнының басшысы ақылы білім алатын қызылағаштық білімгерлерді ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқытып, ауыл кітапханасын ең қажетті кітаптармен қамтамасыз етуді де жоспарлап отырғандығын жеткізді. Қайырымдылық танытып жатқан ер азаматтарына халық ықыласы да шексіз.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА

■ Конкурс

Из победителей олимпиады «АЛЬ-ФАРАБИ» – в студенты КазНУ

В КазНУ завершилась олимпиада «Аль-Фараби». По итогам конкурса, 42 победителя олимпиады получили возможность учиться на гранте в КазНУ им. аль-Фараби.

На торжественной церемонии закрытия олимпиады, своих будущих студентов и участников приветствовал ректор КазНУ Бақытжан Жумагулов.

– Я думаю, многие школьники когда-то завидовали своим российским сверстникам, у которых была возможность, победив в ломосовской олимпиаде «Воробьевы горы», напрямую поступали в МГУ. Мы решили, что в Казахстане должна быть своя олимпиада – олимпиада «Аль-Фараби». В этом году впервые наша олимпиада получила новый статус: достижения победителей олимпиады «Аль-Фараби» приравнены к победам в престижных международных конкурсах. Сегодня осуществилась мечта не одного десятка школьников из самых разных уголков республики,

и они по праву могут считать себя студентами КазНУ, – сказал ректор вуза.

Год назад при поддержке Министерства образования и науки Республики Казахстан главный университет страны внедрил новую концепцию качественного набора студентов, реализуемую через предметные олимпиады. Олимпиада «Аль-Фараби» проводится второй год, но уже стала самой массовой и востребованной среди выпускников школ республики.

Отборочные туры олимпиады «Аль-Фараби» при поддержке МОН РК и областных управлений образования проводили выездные комиссии, состоящие из ведущих преподавателей КазНУ. В течение двух месяцев они побывали во всех областных центрах Казахстана, в городах Алматы и Астана, обеспечив старшекласникам из 900 школ страны участие в олимпиаде.

Директор республиканского научно-

практического центра «Дарын» Тильдаш Битовауа особо отметила успехи:

– В прошлом году ректор вашего вуза выступил с инициативой проведения олимпиады «Аль-Фараби». В этом году олимпиада получила республиканский статус. Это огромный успех руководства вуза, который позволяет многим одаренным детям реально осуществить свою красивую мечту – «учиться в КазНУ!».

Все участники, успешно прошедшие олимпийский отбор, получили дипломы и грамоты Министерства образования Республики Казахстан.

Десебаев Нурат из Тараза, победитель предметной олимпиады по истории Казахстана, считает, что поступить в КазНУ – это огромная удача. И теперь он уверен, что в жизни он добьется больших успехов.

Выпускник алматинского лицея № 24 Окен Курмет занял первое место в олимпиаде по физике. «Я выбрал физику, потому что се-

годня стране нужны специалисты в сфере новых технологий. Наш президент всегда подчеркивает, что Казахстан должен сделать интеллектуальный прорыв в будущее. А КазНУ – это мое твердое убеждение – даст мне настоящее знания и хорошее образование мирового уровня».

Масштабность олимпиады «Аль-Фараби» растет с каждым годом. Олимпиада-2010 года впервые проводилась по 14-ти школьным предметам. В ней приняли участие 12 тысяч школьников республики, вдвое больше, чем в прошлом году.

В этом году оргкомитет олимпиады с удовлетворением отмечает, что участники олимпиады снова показали высокий уровень подготовки. 42 школьника завоевали призовые места, 2800 школьников преодолели пороговый уровень Олимпиады, набрав свыше 70 баллов.

Соб.кorr.

15 апреля в Казахском национальном университете имени аль-Фараби прошел 1-й Инновационный конвент города Алматы.

1 Инновационный конвент

Алматы – толчок к развитию отечественной экономики

Проведение конвента нацелено на привлечение внимания широкой общественности, представителей науки, образования, бизнеса, неправительственного сектора и СМИ к проблемам и перспективам инновационного развития города Алматы. Кроме того, это мероприятие способствует дальнейшему развитию инновационной культуры и как следствие, в ближайшей перспективе позволит обеспечить ускоренное внедрение высокотехнологичных разработок и проектов в производственную сферу отечественной экономики.

В основу концепции мероприятия легла идея о необходимости формирования интеллектуальной нации, озвученная Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым.

По словам заместителя Премьер-министра РК, министра индустрии и новых технологий Асета Исекешева наступают золотые времена для всех ученых, исследователей, рационализаторов, инженеров. Правительством разработаны меры по стимулированию инновационных разработок - гранты, финансирование проектно-конструкторских разработок, компенсации на обслуживание технопарков. «Государство будет предоставлять эти площади бесплатно, на что в 2010 году выделено 180 млн. тенге. Мы надеемся, что эта мера даст мощный толчок развитию университетской науки», - подчеркнул А. Исекешев.

Ректор КазНУ Бакытжан Жумагулов солидарен с мнением министра. Он считает что для внедрения

инноваций в Алматы имеется главный фактор. Это заинтересованный акимат города, непосредственно отвечающий за индустриализацию и имеющий механизмы непосредственного взаимодействия с бизнесом. «Сегодня прямой связи у научных организаций с бизнесом нет. Известно, что во всем мире инновационный спрос формируют государство и крупные корпорации. У нас созданы институты развития, но нет спроса на инновации. Наша задача - максимально задействовать этот механизм», - отметил Б. Жумагулов.

Аким города Алматы Ахметжан Есимов говорит что местные власти готовы сотрудничать с вузами Алматы. Они заинтересованы воплощением в реальность ярких идей и смелых мыслей. И поэтому акимат установил премию в трех номинациях - «Лучший инновационный проект», «Лучший ученый-исследователь» - по три млн. тенге,

«Лучший молодой ученый» - один млн. тенге. По словам акима, город обладает всеми ресурсами, чтобы внести существенный вклад в индустриализацию страны. В сфере науки и научных исследований занято 7,5 тыс. человек, более 700 докторов и 4 000 кандидатов наук. Создан научный совет в составе 20 человек, который будет отбирать инновационные проекты, актуальные для города и выступать их инвестором. Он считает что, настало время выстроить механизм эффективного взаимодействия образования, науки, производства и бизнеса. «Сегодня во всем мире интеллектуальный потенциал рассматривается как важнейший стратегический ресурс государств», - отметил он.

Во время проведения 1-го инновационного конвента города Алматы были представлены инновационные проекты в сфере тяжелой промышленности, экологии, транспорта, сельского хозяйства и



IT-технологий. Выставка дала возможность экспресс-обсуждению контрактных отношений между разработчиком и инвестором. Тематическая разноплановость выставки, позволяет каждому из её участников найти свою нишу и сферу инноваций, а также продемонстрировать собственные разработки не только экспертам и специалистам, но и самому широкому студенческому, научному, предпринимательскому и творческому сообществу.

Разработчики лучших инновационных предложений были награждены дипломами акима города Алматы, а их научные проекты, после рассмотрения на Научном Совете при акиме города Алматы и прохождения соответствующей научно-технической экспертизы, будут рекомендованы для внедрения в производственную сферу города Алматы и направлены для

участия в конкурсе по линии Национального инновационного фонда. Среди победителей проекта можно особо отметить работу профессора КазНУ Темирбекова Нурлана Мукашовича. Он предложил экологический проект на тему: «Геоинформационная система для экологического мониторинга атмосферного воздуха города Алматы».

Организаторы 1-го Инновационного конвента уверены, что его проведение позитивно отразится на формировании благоприятного инновационного климата, а также будет содействовать созданию современной инновационной инфраструктуры, позволяющей обеспечить эффективное внедрение инновационных проектов и технологий в производственную сферу экономики города Алматы.

Меруерт
МУХАМЕТЖАНОВА



■ Байқау

Ардагерлерге тағзым – тарихқа тағзым

(Соңы. Басы 1-бетте)

Негізінен бұл сайыс байқаудың екінші кезеңі болып табылады. Бірінші кезеңі байқауға қатысушы білім ордаларында наурыз-сәуір айларының аралығында орын алған болатын.

Байқаудың басты мақсаты – жастардың бойындағы азаматтық және отаншылдық сезімдерін дамытып, еліміздің мәдени мұраларына деген құрметін арттыру, патриоттық бағыттағы шығармаларды кеңінен насихаттау. Сонымен бірге, соғыс жылдарындағы әуендер арқылы жастарды поэзия мен ән шығармашылығына баулу. Ұлы Жеңістің қадірін асқататуды көздейді.

Байқау шарты әскери-патриоттық тақырыпқа арналған әннің мазмұнын сахналауға негізделген. Сахналанған шығарманың көркемдік деңгейі мен орындалуына, әртістік шеберлігі мен көркем туындының құрылымдық тұтастығына, қойылымның хореографиялық ерекшелігіне өз бағасын берген әділ-қазылар алқасының құрамында ҚР еңбегі сіңген кайраткер, ҚР білім беру ісінің үздігі, ҚР хореографтар Одағының мүшесі, профессор Қапесов Жан Нұрмыханұлы; ҚР еңбегі сіңірген әртісі, әнші Бағдат Сәмединова; «Айқын» республикалық қоғамдық саяси газеті Бас редакторы-

ның орынбасары, Қыдырбекұлы атындағы сыйлықтың лауреаты, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі Ермахан Шайкыұлы; белгілі сазгер, продюсер, музыка өңдеуші, ҚР еңбек сіңірген кайраткер Ермек Елгезек; «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакторының орынбасары, ақын, сазгер Бекжан Әшірбаев және бірнеше байқаулардың жеңімпазы, қазақ эстрадасының жұлдызы, әнші Мадина Садуақасова сияқты айтулы азаматтар мен азаматшалар болды. Алайда, көштің

жүре түзелетіндігін арқау еткен қазылар алқасы бір екі ауыз ұсыныс тілектерін де жасырып қалмады. Байқау төрелігін айтқан сарапшылар бұл игі шара алдағы уақытта да көрініс тауып, қазақ батырларының бейнесі кеңінен насихатталса, Жамбыл, Бауыржан, Рақымжан және Мәншүк, Әлия сынды батырларымыздың ерлік даңқтары өз деңгейінде көрермен назарына ұсынылса деген тілектерін жеткізді.

Сонымен, байқау қорытындысы бойынша 3 орынды Т.Жүргенов

атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы иеленіп, ҚазҰУ сыйлығымен марапатталды. Ал 2 орынды І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті жеңіп алып, музыкалық орталықты сыйға алса, байқаудың 1 орны С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне бұйырып, жүлдеге түрлі-түсті теллидар ұсынылды. Ал, студенттер арасындағы республикалық «Ұлы жылдарға тағзым!» атты сахналанған әскери-патриоттық ән байқауында жүзден жүйрік,

мыннан тұлпар шыққан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Бас жүлдені жеңіп алды. Жеңімпазға сканер мен факс аппараты тарту етілді. Сондай-ақ, байқауда өнер көрсеткен басқа қатысушыларға арнайы құрмет дипломы мен сыйлықтар тапсырылды.

Сонымен қатар, бәсекелі тартысқа арнайы қонақ болып келген ардагерлерімізге гүл шоқтары мен естелік сыйлықтар табысталды.

Байқау соңында ҚазҰУ студенттері алыстан келген достарына арнап концерттік бағдарлама ұсынды.



P.S. «Ұлы жылдарға тағзым!» сахналанған әскери-патриоттық ән байқауынан кейін қатысушылар ҚазҰУ мұражайын аралап, соңы университеттегі интернет орталығында «Достық көпірі» ойын-сауық кешіне ұласты. Келесі күні ҚазҰУ-дың студенттік құрылыс жасағының бастауымен 28 гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақта сенбілік өткізіліп, ескерткіштерге гүл шоқтары қойылды.

Саягүл
ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



■ Күрмет

Жауынгерлік және даңқ хақында

Күрмет бар жерде осы бар. Әсіресе, ел өмірінің бейбітшілігі мен баяндылығы үшін маңдай тері мен қасықтай қанын аянып қалмаған жауынгерлер ерлігі – жыл өткен сайын беделі арта түсер елеулі оқиға. Соғыстың бетін әрі қылсын, десек те кешегі Отан үшін жан алысып, жан беріскен ұрыстағы отандастарымыздың ерен ерлігі бүгінгі ұрпаққа өнеге екені даусыз. Тек, бұл соғыс алдағы өмірге еңбесін, сурет пен ардагер сөзінен көңілге түйер ой болсын деген ниетпен 14 сәуірде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мұражайында Ұлы Жеңістің 65 жылдық мерейтойына арналған «Жауынгерлік сабағы: қаһармандық, жауынгерлік және даңқ хақында бірер сөз» атты шара өтті.



ұстап, құрметтеуге дайын”, – деп жүрекжарды лебізін жеткізіп, Отан үшін ҚазҰУ-дан соғысқа аттанған 287 жауынгердің арамьздан кеткендерін еске алу үшін минуттық үнсіздік жариялады.

Жауынгерлік сабаққа келген ардагерлердің қатарында Алматы қаласы Ардагерлер кеңесі мен ҚазҰУ Ардагерлер кеңесінің мүшелері, ҚазҰУ-дың Соғыс және еңбек ардагерлері болды. Мәселен, қалалық Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Х.Р.Омаров, Бостандық ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Х.Б.Біржанов, ҚазҰУ профессоры, Соғыс және еңбек ардагері У.Х.Шалекенов сияқты майдан кәуәгерлерінің сөзіне негіз

болған соғыс естеліктері мен патриоттық өсиеттер көрермен рухын сілкіндіріп, ұрпақ жүрегіне Жеңісті қадірлеу керектігін жеткізді. Ал, марқұм, соғыс ардагері, ҚазҰУ-да бірнеше жыл ұстаздық еткен Ханғали Сүйінішалиевтің жұбайы Ақсұлу Талапқалиқызы университет мұражайына ардагердің ордендері мен медальдарын ұсынды.

Қаһармандық, жауынгерлік, даңқ жайындағы рухты әңгімеден кейінгі кезекте университет мұражайындағы Ұлы Отан соғысының экспозициясына гүл шоқтары қойылып, қонақтарымыз мұражай залын аралады.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ Олимпиада

Қырандай қанатын қомдап, зеңгір көкке көз тіккен айбынды Қазақстан мемлекеті әлемдік керуеннің ұлы көшіне қосылу үшін өз мүмкіндіктерін жан-жақты қарастырып жатыр. Елбасы айтқандай, «Тәуелсіз еліміздің ең ұлы байлығы – адам капиталы» болса, Отанымыздың іргетасын қалайтын халқымыздың қаһарлы қаруы – білімді жастар. Жастарымыз біліммен суындап, іліммен айшықталса, жасампаз еліміздің алмас асуы, шықпас биігі қалмасына сеніміміз мол.

Отандық тауарлардың өнімін арттыру – басты мақсат

Мемлекеттің құрылымында елеулі орнымен ерекшеленетін, ауыз толтырып айтатын басты құндылығымыздың бірі – студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беріп жатқан жоғарғы оқу орындары. Қазақтың ел болып қалыптасып, әлемдік рейтингте ойып тұрып орын алуына септігін тигізген университет елімізде екеу болса, соның бірі, біреу болса, соның өзі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Ұлттың санасын оятуды мақсат тұтқан университетімізде ішкі құрылымдар да үлкен белсенділікпен жұмыс істеуде. Оған дәлел ретінде жақында университетімізде Маркетинг және коммерция кафедрасы ұйымдастырған маркетингтен II республикалық студенттер олимпиадасын баса айтып өтсем артықтық етпес.

Талантты да талапты студенттер командалары өздерінің ғана емес, өз ЖОО-ларының да беделін сынға салды. Білік пен білім, талап пен талант, бақ пен сана таразыға түскен олимпиада тартымды да қызықты өтті. Ерен еңбек пен қауырт ізденістің нәтижесінде университетіміздің мерейін үстем етіп, Smart.kz (ҚазҰУ) өзінің мықтылығын көрсетіп, I орынды иеленіп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің дипломымен марапатталды. II орынға Халықаралық бизнес академиясының «Бес қазына» командасы табан тіресе, КМЭБИ-дің «Smile» командасы III

орынды қанағат тұтты. Сондай-ақ, ҚазҰУ-дың «ВСМ» командасы – «Үздік капитан», М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «ЭКШН» командасы – «Сәнқой команда», М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «МАХІ маркетинг» командасы – «Ұйымшыл команда», С.Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «PRO 100 genius» командасы – «Инновациялық команда», ҚазҰУ-дың «Big M» командасы – «Crazy team», Қазақ қоғамдық және еңбек қатынастары академиясының «Mercurius» командасы – «Креативті команда», Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дың «5-ый элемент» командасы – «Көңілді команда», Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Болашақ» командасы – «Академиялық команда», «Сымбат» бизнес және сән академиясының «Перспектива» командасы – «Көрермендер көңілінен шыққан» номинациясына ие болды.

Ендеше, халқымыздың үмітін арқау етіп, аманат арқалаған жастарымыз отандық тауарлардың өнімдерін дамытып, шетелге танытып, өзге елмен терезесін теңестіруге айтарлықтай үлес қосып жатқаны көз қуантады. Аталмыш олимпиада жыл сайынғы өткізілетін дәстүрге айналып келеді.

Айман ЕРЕЖЕПОВА,
маркетинг және коммерция кафедрасының доценті

■ Практика

«Талант – ничто без опыта и трудолюбия»

«Он создал первый университет. Он, лучше сказать, сам был первым нашим университетом»
А.С. Пушкин

Таковыми словами великий поэт отзывался о талантливом ученом Михаиле Васильевиче Ломоносове, имя которого носит Московский государственный университет, недавно отметивший свой 255-летний юбилей. За эти два с половиной веков стараниями многих поколений выдающихся умов он стал не только всемирно признанным лидером высшего образования, но и мощнейшим генератором научной мысли.

форум приобретает международный статус и станет площадкой конструктивного диалога научной молодежи. Как сказал В.А.Садовничий «Ваши годы неповторимы, и сейчас надо так себя реализовать как никогда. Что касается науки, широты взглядов надо делать сегодня». Именно сейчас уделяется огромное внимание молодому поколению не только отдельных государств, но всего мира. Тому подтверждение – «2009 год – год молодежи в СНГ». Когда мир становится открытым и более прозрачным, интеграция и обмен идей молодежной элиты как-никак актуальны. Об этом подчеркнул Исполнительный секретарь СНГ Лебедев С.Н.: «Молодежь – это не источник проблем, а значимый ресурс». 12 августа ООН будет объявлен «2010 год – Международный год молодежи». Генеральный Секретарь ЕврАзЭС Т.А.Мансуров сказал о новых возможностях, о центре высоких технологий, о создании сетевого университета и сказал напутственные слова молодым ученым: «Талант – ничто без опыта и трудолюбия». Действительно, сочетание опыта старшего поколения и энергии молодых – гарант успешного будущего.

Далее все участники распре-

дились по секциям, где и началась основная работа конференции. Секция, в которую были приглашены мы – «СНГ: взгляд молодежи» – одна из самых молодых, но наиболее популярных секций. На протяжении 2 дней участники были задействованы с докладами, защитой инновационных проектов, в сюжетно-ролевой игре, совмещая научные познания с новыми знакомствами и веселым общением.

День 15 апреля отличился особой важностью. В этот вечер был подписан меморандум о сотрудничестве между Комитетом молодежных организаций КазНУ им.Аль-Фараби в лице председателя Болдуруковой Назиры и Союзом студентов МГУ в лице Андриянова Андрея. Данное соглашение еще больше укрепит связи между ведущими вузами двух союзнических государств и поможет налаживанию моста по обмену опытом и прогрессивными достижениями. Особо приятным был момент торжественного вручения Юбилейного студенческого билета МГУ. Заметьте, что первый такой же билет вручили тогда еще Президенту РФ В.В.Путину.

Конференция, бесспорно, дала много положительных моментов



для всех участников, начиная от теоретических знаний, навыков выступления, организации подобных форумов, закончившая общением и обменом опытом с научной элитой стран Содружества. Отрадно, что наши зарубежные коллеги, молодежные лидеры ведущих вузов СНГ внимательно следят за реформами и преобразованиями в КазНУ, признавая лидирующую позицию нашего университета. Нам было гордо за свою альма-Матер.

Форум не только открыл много ярких имен, установил дружественные отношения между студентами, лидерами международных организаций, но придал новый импульс интеграции научного и академического сообщества молодежи стран СНГ. Мы безумно счастливы, что являемся студентами КазНУ, который никак не уступает другим зарубежным вузам, а где-то и превосходит. О чем мы еще раз убедились в результате этой поездки.

P.S.

Дорогие друзья, нашему уникальному КазГУграду завидуют не только студенты других вузов нашей страны, но и вся интеллектуальная молодежь зарубежом. Давайте же продуктивно использовать наши неповторимые студенческие годы. Вечной жажды научных познаний Вам!
В заключении, хотелось бы выразить огромную благодарность нашему ректору Б.Т. Жумагулову за осуществление этой поездки.

Назира БОЛДУРУКОВА,
Динара САДВАКАСОВА



ӨРКЕН



Газет ішіндегі студенттер газеті

Медиафорум бірден-бір студенттік бастама

■ Сүйінші

14 сәуірде университетіміздің жастар интернет орталығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінің «Студенттік өмір» атты Интернет-порталының ашылу салтанаты өтті. Еліміздің жетекші оқу орнының 20 мың тәлімгерінің басын қосқан жастар порталы желідегі алғашқы электронды үй болып табылады.

Студенттік интернет-портал жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ

Онда студенттік өмір жайлы барлық ақпарат қамтылып, университетте және оның аумағынан тыс жерде болып жатқан оқиғалар, түрлі мерекелік іс-шаралар, өзекті тақырыптарда өткен дөңгелек үстелдер мен пікір сайыстар, салауатты өмір салтын нық ұстануға бастама болатын спартакиадалар туралы мәліметтер жинақталған. Сондай-ақ, әр студент сайттан ҚазҰУ-дың білім жөніндегі бірлескен «Универ» жүйесіне тікелей шыға алады.

Сайтта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың кез келген студенті көлемі 25 Гб-дан аспайтын өзінің Live&Edu атты жеке поштасын аша алады. Бұл жүйе университет студенттеріне online жүйесі негізінде көптеген достарымен, ғылыми әріптестерімен сөйлесуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, портал пошта, жаңалықтар, галерея және ең бастысы, мыңдаған студенттер ойларын ашық айтып, кез келген мәселелерді талқылап, қоғамдық шешім қабылдауға мүмкіндік беретін форум атты бөлімдерден тұрады.

Студенттердің белсенділігін арттыру мақсатында порталда университеттегі Жастар ұйымдары комитетінің, соның ішінде бүкіл жастар қоғамдастықтарының, студенттердің өзін-өзі басқару ұйымдарының, өнерпаздық клубтарының графикалық сызбасы көрсетілген. Бұл студенттердің университет табалдырығында оқып жүріп-ақ, өз икемділігін, бейімділігін анықтауына жағдай туғызады. Сондай-ақ, мұнда университет қонақтары мен 1 курс студенттерінің университетті толықтай танып білуі үшін ҚазҰУ қалашығының электрондық картасы берілген.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ



аясын да қамтыды. «Баспасөз конференциясын өткізудің оңтайлы жолдары» жайлы Қазақстан тұтынушыларының ұлттық лигасының Президенті - Светлана Савченко мәлімдеді. Отандық БАҚ-тың ұлттық келбетіне аса назар аударған «Ана тілі» газетінен келген журналист Анар Дүйсенбаева тіл мәселесіне, БАҚ-тағы шындық шырылының қаншалықты айқын екендігіне баса назар қойыпты. «Шалқар» радиосының директоры Болатбек Тілепберген 200 жылдық тарихтың иегері Англия, Италия екі рет дауға ілінгендігін айта келе, «Ақжүніс» секілді қазақ бағдарламалары қайда деген сауалға жауап іздеді. «Хабар» телеарнасынан келген



газетінің бөлім редакторы – Арман Әубәкір, интернет сайттың PR-менеджері - Асхат Еркінбай да бар.

Еуразиялық медиафорумының Бас продюсері – Владимир Рерих өзекті мәселелерді қозғады. Қызылағаш жағдайы, Қырғызстандағы даулы мәселе, ақпараттық және мемлекеттік қауіпсіздік тұрғысынан басым бағыттарды айқындап, маңызын қажетінше аша түсті. Форум аясында ұйымдастырылған шаралар пленарлық мәжіліс, тақырыптық шеберлік дәрістері

Амангелді Сейітхан спортшыларды насихаттауда әлсіздік танылып тұратындығын көрсете келе, спорттық газет ашу жолын ұсынды. «Журналистік кәсіп өнер емес» деген тұжырымды Есенгүл Кәпқызы мәлімдеді.

Терең ойлы, тұжырымды да, тұшымды дүниелерді талқылаған отырыс соңында келген қонақтарға ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған кітап тарту етілді.

Жанат КАСЫМБЕКОВА

Сәуірдің 21 күні университетіміздің журналистика факультетінде сегізінші Еуразиялық медиафорумының қарсаңында I студенттік медиафорумының тұсауы кесілді. Бұл жастар ұйымдары комитетінің, Студенттер сенатының, студенттік баспасөз орталығының қолға алған шарасы болғандықтан, студенттердің азаматтық және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік алаңы болып табылатын бірден-бір бастама.

I студенттік медиафорум өз қызметін төрт бағытта: радиожурналистика, телебағдарламалар, баспасөз және онлайн журналистика арқылы жүзеге асырылатындығын мәлімдеді. Медиафорум университет студенттерінің БАҚ эксперттерімен коммуникацияның жаңа жобасын қалыптастырып, сонымен қатар баспасөз саласының зерттеушілерімен ашық әрі тиімді диалог орната алды. Форумның мақсаты – студенттік баспасөздің жалпы студенттік журналистиканың болашақ дамуы туралы ойлар мен пікір алмасулар, журналистерді дайындау тәжірибесін талқылау, студенттік баспасөз орталығының мүшелері мен отандық журналистиканың және PR-дың кәсіби білікті мамандарымен байланысын

дамыту, студенттік баспасөз орталығы қызметінің жаңа басымдықты бағыттарын айқындайтындығына кез жеткізеді. Студенттік медиафорумының жұмысына Қазақстанның беделді журналистері мен қоғам қайраткерлері қатысып, өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Солардың ішінде University of North Carolina at Chapel Hill профессоры – Халл Фостер, «Хабар» телеарнасының спорт комментаторы – Амангелді Сейітхан, КТК телеарнасының редакторы – Оразалы Баймұрат, «Шалқар» радиосының директоры - Болатбек Тілепберген дәрістерін өткізді. Олардың ішінде «Түркістан» газетінің тілшісі – Есенгүл Кәпқызы, «Ана тілі» газетінің тілшісі – Анар Дүйсенбай, «Экономика»

қалуы мүмкін емес пе?!

Үш күн бойы ҚазҰУ-дың Студенттер сенатында (экономика және бизнес факультетінің 3-қабатында) студенттер өз еріктерімен қан тапсырды. Салауатты өмір салтын әрдайым ұстанатын ҚазҰУ студенттері әрқашан әлеу-

меттік акцияларға белсене атсалысып келеді. Студенттердің өз еркімен донор болуы – аталмыш акцияның маңыздылығын түсініп, барынша қол ұшын беруге ықпал еткен мейірімділігінің дәлелі.

Әлия ДЕМЕСІНОВА

■ Адамгершілік

ҚазҰУ-да Донор күні өтті

2010 жылдың 14-16 сәуірінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Мемлекеттік қан орталығы және Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімінің бірлесуімен «Донор күні» өткізілді.

Статистика бойынша елі-

міздегі ауыр науқастарға күн сайын 100 литрдей қан қажет. Азаматтарымыздың түсінушілігі мен көрсетіп жатқан көмектеріне қарамастан, қаншама науқастардың өміріне қажетті қан жетпей жатады. Донор өткізген әр тамшы қан бір адамның өмірін құтқарып

КРАСОТА

Самое яркое и красочное мероприятие года – “Мисс КазНУ”, студенты ждали с большим нетерпением. И вот, наконец-то свершилось. Со всем скоро все узнают, кто же самая очаровательная и умная студентка университета. Дворец Студентов им. Джолдасбекова, где и прошло фееричное шоу был заполнен полностью. Пришло столько зрителей, что не хватило мест. Многие поддерживали участниц плакатами с их именами, а мужская половина с замиранием сердца ожидала выхода красавиц.

Всего в конкурсе участвовало 13 студенток вуза. Изначально на конкурс «Мисс КазНУ» подали заявки более 100 девушек. Но, к сожалению, не многие отличились кулинарными и творческими способностями. Конкурс проводится уже второй год подряд. Это мероприятие олицетворяет красоту, культурный и интеллектуальный уровни студенток университета. Самое масштабное шоу весны “Мисс КазНУ” – это новый уровень проведения подобных конкурсов. Организатором данного мероприятия является Студенческий сенат КазНУ. Конкурс формирует у молодежи вкус к эстетическим и культурным ценностям, раскрывает их творческий потенциал уверенны организаторы. Кроме того, конкурс дает возможность победителям

расти и продвигаться в этой сфере, избегав огромных материальных и моральных затрат, присущих большим профессиональным конкурсам красоты.

В основном в конкурсе принимали участие студентки 1-ых курсов. Но несмотря на свой юный возраст, все девушки на сцене вели себя уверенно, потому что все они прошли серьезную подготовку. В течение месяца проводились тренинги по культуре речи, этикету, актерскому мастерству. Девушки посетили на мастер-классы по совершенствованию собственного имиджа. Фотографы научили их правильно вести себя перед камерой, красиво позировать и правильно подбирать ракурсы. Специалисты стремились максимально подготовить участниц к конкурсу: не только обеспечить психологический комфорт, но и научить правильно двигаться.

На первом этапе конкурсантки дефилировали в одежде известного казахстанского дизайнера – Салты. Летняя коллекция считала в себе легкость и неброскость цветов. Все 13 девушек грациозно прошли по сцене, не сделав ни малейших ошибок. Зрители наблюдали за каждым их движением. Все было идеально. И образы подобрали подстать каждой девушке. Одежда подчеркивала не только их внешнюю красоту, но и внутреннюю. Однако на втором этапе конкурса “танцов” студентки выступили монотонно. Многие из них свои творческие способности решили проявить в танце. Лишь немногие показали свои вокальные данные. Особый всплеск эмоций



СПАСЕТ МИР

у зрителей вызвал выход на сцену афро-американцев. Своим танцем они поддерживали Каролину Элион, студентку 1-го курса факультета журналистики. А другие участницы запомнились зрителю парными танцами. Даже показалось, что все они брали уроки у одного хореографа танго и сальсы.

Альмира Турсынбаева — одна из немногих, которая в свой танец сумела внести особый смысл вечной борьбы добра и зла. Ее номер был настолько трогательным и глубоким по смыслу, что в зале воцарилась полная тишина.

После второго тура, девушки за кулисами тщательно готовились к следующему конкурсу. Во время паузы звезды казахстанской эстрады заряжали обстановку в зале. Зрители подпевали полюбившимся хитам молодых исполнителей.

А впереди сложный этап — «вопрос-ответ». Настоящий «мозговой штурм» вызвал панику среди участниц, ведь они выложились в предыдущих турах. Вопросы о красоте и моде, не вызвали сложности у участниц, однако серьезные темы немного их обескуражили. И на этот раз Альмира Турсынбаева отличилась. Ее своеобразный взгляд, философские высказывания про молодежь разительно отличались от других ответов. Итоговый конкурс решил судьбы всех девушек.

Девушек оценивало компетентное жюри, куда вошли: стилист Айгуль Рыспекова, директор музыкального канала «Муззон» Азамат Исаев, профессор КазНУ Айгуль Толембаева, продюсер Аскар Мусабаяв, фотограф студии «Art Oleynik Danil» Иван Мельник, представитель компании «Avon» Меруерт Абишева, продюсер танцевальной группы «Nice moon» Ермек Атыбеков. Они наблюдали за каждым движением и словами конкурсанток. После небольшой паузы они огласили результаты. Самой красивой и талантливой девушкой

университета стала студентка 2-го курса факультета экономики и бизнеса Альмира Турсынбаева. Победительница просто сияла от счастья. А титул 1-ой вице мисс присудили студентке 3-го курса исторического факультета Заре Бейсенбаевой. Честь быть 2-ой вице мисс выпала Каролине Элион учащейся 1-го курса факультета журналистики. Звание «Мисс грация» удостоилась Сандугаш Жумагулова, а титул «Мисс улыбка» присужден Юлие Усмановой. А Назерке Шотанова стала «Мисс мода». Победительницы получили приглашение на съемки нового клипа.

Специально для конкурса «Мисс КазНУ» известный казахстанский дизайнер Ольга Ким создала уникальную и роскошную корону из серебра с кристаллами «Swarovski».

В этом конкурсе красоты девушки доказали, что внешняя красота должна сочетаться с внутренней. Ибо, истина гласит: «Красота спасет мир». Все конкурсантки достойно защитили честь своих факультетов. И каждая из них поистине является самой красивой и умной девушкой университета.

Девушки признаются, что благодаря этому конкурсу они приобрели неоценимый опыт участия в подобных мероприятиях. Многие из них планируют продолжать модельную карьеру. Участницы, которые не вышли в финал не расстроились, для них было главным участие в грандиозном шоу.

Результатами конкурса все остались довольны. Организаторы признаются, что нынешнее шоу превзошло их ожидания. Они не думали, что студентческий конкурс красоты вызовет такой интерес и ажиотаж среди молодежи. Они пообещали, что в следующем году конкурс «Мисс КазНУ» будет еще красочнее.

Меруерт МУХАМЕТЖАНОВА



Кеш

Жыпылық-жыпылық етіп өте шыққан 4 жыл

Студенттік өмір қызықты да көңілді, қайта оралмас жастық шағындай... Расымен, қызық мол студенттік жылдардың төрт жылы да көзді ашып-жұмғанша өте шығатын бір сәттік дүние екен. Кешегі албырттанған балмұздақ жастар, бүгін университетімізбен қош айтысып, асқаралы шыңға қанат қаққалы тұрмыз.

өте шыққан 4 жыл



да паш етіп, көрсете білу. Тобымыздағы 15 студентті слайдшоу арқылы әр қырынан таныта, еңбектерін аша білдік. Сонымен қатар, «Баспа ісі және редакциялау» кафедрасының ұстаздарын әр қырынан ашар студенттердің көзімен номинациялар тағайындалды. Олар: «Ең сәнқой ұстаз», «Мейірімді Фейя», «Ақшақар ағай», «Терминатор ағай», тағы да басқа атаулар. Осының өзі ұстаздар алдындағы зор құрмет белгісін аңғартқандай. Сахна төрінде жүрген Мейрамбек Оспанов, Лияс Байбосынов, Ұлан Рахалиев, Гаухар Қалабекова, Сәкен Дәрібаев сынды жас жұлдыздар мен «Асу» тобы әнмен әділеп, кеш сәнін қыздыра түсті.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

Өнер

Мерует САХОВА, ҚазҰУ жұлдызы:



Бойымдағы талантты шетке ысыра алмаймын

Әнші болып, өнердің бал-бұлақты қайнарынан сусындау кез-келген адамның қолынан келе бермейтіні шындық. Әсем дауыстың ырғағымен ет жүрегінді езілтер әншілер әлемі бір басқа. Сол орайда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың студенттері де өнерлі өрендердің көшбасшы қатарынан көрініп келеді. Химия факультетінің 2 курс студенті Мерует Сахова замандасымыздың да алған асуы, жеткен жетістігі ой тоқтатып, көз жүгіртерлік танымда екен. Жас талантты аруымыз сәуірдің 14 жұлдызында өзінің «Кел тойлайық» атты ән кешін ұйымдастырып, химия факультетін думанға бөледі.

Өнер сахнасы киелі бесігінде талантты жастарын тербеп, жылдан-жылға шыңдап, қанаттандыра түседі. 1 курстың табалдырығын аттай салғаннан-ақ, мерейлі Меркінің аруын өнер әлемі өз қанатының астына баурай жөнелген еді. Өмірде өнер мен білімді қос қанатым деп білетін Мерует: «Мамандығым химия саласы болса да, бойымдағы талант жүгін ешқашан шетке ысырып тастай алмақ емеспін», – дейді.

Өткен жылы «Мөлдір тамшы» деген атпен өнерім киелі шаңырақтың төрінде алға баса берсін деген ниетпен алғашқы ән кешінің тұсауын кесіп, барша ұстаздар мен студенттер алдында өнердің даңғыл жолына сапар шегіп, таланттың тұлпарын мінгендігін көрсеткен еді. Енді, биылғы кешке ҚазҰУ-дың талантты жастары «Достар» тобы, «Сенсация» КВН командасы, «Шашу» би ансамблі қатысып, өз өнерлерімен бөлісіп, Меруетке ақ жол тіледі.

Меруеттің мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап сахна төрін бермей, ән құдіретін танып келе жатқандығын, қазақтың кара домбырасымен терме орындап, ақындық қырын да танытып қалатын кездері жиі ұшырайды.

Ата-ана баласының мәртебесі өскеніне неге қуанбасын?! Алыстағы ауылдан келген ата-ананың да қуанышы қойнына сыймай, перзент өнерінің өрлігіне баға беріп кеткендей болды. «Әнші болу – менің арманым әрі хоббиім, өнер адамы ешқашан қартаймайтындығын білемін», – дейді Меркінің Меруеті.

Концерттің өтуіне бірден-бір септігін тигізген химия факультеті деканы мен тәрбие істері жөніндегі орынбасары Ақмарал Исмаиловаға, сондай-ақ эдвайзері Жаннұр Мылтықбаеваға, топтас достарына айтар алғысы шексіз. «Кел тойлайық» атты Меруеттің ән кешіне жиналған студенттер, ұстаздар жанаша әсерге бөленіп, бір серпіліп, кештен көңілді қайтып бара жатқандығын көріп, бағалағандары болар деп топшыладымыз.

PS, Өнер қай халықтың болмасын, жасы мен көрісін елтіп әкететін астарлы да құпиялы өлем кеңістігі екендігін тағы бір дәлелдендей. Жас болса да, жанын салып, өнерін іште тұншықтырмай, өз ата-анасына, достарына, білім ошағына әндерін сыйлап жүрген Меркінің Меруетінің өнері өрге самғай берсін дейміз.

Жанат ДАГАЙҚЫЗЫ

15 сәуір – Қозы Көрпеш – Баян Сұлу күні

Қазіргі таңда баршамыз ғашықтар күні деп 14-ақпан – «Әулие Валентин» күнін тойлап жүргеніміз жасырын емес. Дәл осы күні абыр-сабырға түсіп, бір-бірімізді құттықтай жөнелетініміз тағы бар. Жастардың «Әулие Валентин» күнін өздерінің төл мерекелері деп қабылдайтын дәрежеге жеткендігі алуан түрлі пікірлер қалыптастырады. Әрине, бұл біздің дініміз бен ділімізге жат нәрсе деп білеміз. Осыны өз дәрежесінде түсіне білген біздің студенттер биылғы жылы «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күнін жоғарғы деңгейде атап өтуді жөн деп тапты.

Көктемнің лебімен келген махаббат мейрамы

Бұл күн біздің жастарымызға қай жағынан да тиімді. Ойланyp көрдіңіз бе? «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күні жастарымыздың бойына ұлттық тәлім-тәрбиені сіңіріп, шынайы сыйластық, жақсы қарым-қатынасқа үйретіп, қазақ халқына тән мерекелерді заман талабына сай деңгейде өткізуге бейімдей алады. География факультетінің ұйымдастыруымен сәуірдің 15 жұлдызында «Жастар – жастарға» деген ұранмен «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу» күніне орай жалпыуниверситеттік байқау өтті. Байқаудың бір ерекшелігі жұптар университетіміздің әр факультетінен шақырылды. Ол үш кезеңнен тұрды. Біріншісі – таныстыру, екіншісі – ғашықтар жырынан үзіндіні диалог ретінде жатқа оқуболса, үшінші кезең – серенада айтып, ғашықтық сезімін білдіру. Жанкүйерлер ретінде міндетті түрде топтан құралған қазіргі заманның би композициясы болды. Тартысты өткен байқауда 3-орынды биология және халықаралық қатынастар факультеттері, 2-орынды физика факультетінің ғашықтар жұбы жеңіп алса, байқауға үлкен дайындықпен келген география факультетінің ғашықтар жұбы өз өнерлерімен ерекше көзге түсіп, 1-орынды иеленді. Қатысушылар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Байқау қорытындысынан күтілген нәтиже жастарға ұлттық тәрбиені насихаттап, факультеттер студенттері арасында байланыс орнату және студенттердің сабақтан тыс уақытын мәнді әрі мазмұнды өткізу еді. Тартысты әрі тартымды өткен байқау ол үмітті ақтады десек артық айтқандық болмас. Күн көзі шуаққа бөленіп, көктемнің лебі есетін сәуір айындағы ғашықтар мерекесі жастарымызды әлі талай тәтті сезімдерге бөлейтіндігі айқын. Алдағы таңда да осы мерекенің жастар арасында әлі де кең насихатталып, ұлттық мүддемізге сай өтетіндігіне кәміл сенеміз!!!

Асем МАҚАШОВА, география факультеті Студенттер мәслихатының төрайымы

«Мәңгілік махаббат күні»

Сәуірдің 15 жұлдызы «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күні екенін біріміз білсек, енді біріміз иек қағуымыз әбден мүмкін. Сол орайда, дәл осы күні университетіміздегі жастар интернет орталығының алдында думанды сауық-кеш өтті. Журналистика факультетінің Студенттер кеңесінің ұйытқы болуымен өткен шараның «Мәңгілік махаббат күні» деп аталуында да өзіндік мән бар.

Мерекелік кешке қызу дайындалған журналистер кешке келген қонақтарды құр қайтармады. «Мәңгілік махаббат күні» деп қазақ тілінде жазылған, үлгісін өздері жобалаған 200 дана құтықтау хатты думанға жиналған студенттерге таратып берді.

«Ұлттық әдебиетіміздің ғашықтық жыр-дастандарында кездесетін, махаббат құрбаны бола білген, сүйікті кейіпкерлеріміз – Қозы мен Баян, Еңлік пен Кебек, Төлеген – Қыз Жібек, Зылиқа – Сәмен сынды ғашықтардың махаббат алдындағы адалдықтарын ұлықтау – басты мақсатымыз» - дейді ұйымдастырушылардың бірі, 2 курс студенті Зарина. Ұйымдастырушылар тарапынан көтерілген әрбір жылдың 15-сәуірі «Мәңгілік махаббат күні» болсын деген ұсынысты қазақы дәстүрдің жанашыры бола білетін кештің қадірлі меймандары бір ауыздан мақұлдады. Журналистика факультетінің белсенділері бұл шараны келер жылы да, дәл осы күні,

осы жерде, осы уақытта тағы да атап өтетіндіктерін жария етті.

Қазақ эстрадасының жарқырап келе жатқан жұлдыздары «Сұңқар», «Ғарыш», «Шарын» топтары мен факультетіміздің жігіттерінен құралған «Дос-Тар» тобы, сондай-ақ Дарын сынды әншілерміз ҚазҰУ студенттерінің құрметіне ән шырақды. Әсем әнмен тербеліп, кештің қызығын тамашалауға келген әр жұпқа арналған ойындар ойнатылды. Оқу ордамыздың «Сенсация» КВН командасының жасаған әзілі кеш көрермендеріне әдемі де, әсерлі күлкі сыйлады.

Өркениетті елдердің қатарына қосылуды мақсат тұтқан еліміздің жастарында өзгенің тандайын қақтыратын, қазақы ғұрыпты бағалай білетін қасиеттің болуы бізді қуантпаса, әсте өкіндірмек емес.

Жәнібек ҒАЛЫМ, журналистика факультеті Студенттер кеңесінің төрағасы





Біздің тарих

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ҚазҰУ (1941 – 1945 ж.ж.)



(Соңы. Басы өткен сандарда)

Қазақстанның мекемелері мен халық шаруашылығы саласына қызмет көрсететін өндірістік лаборатория құрылды. Кейбір басты тақырыптар бойынша университеттің нақты шешімдері бар. Қаратау фосфаритінен термофосфат өндірудегі жұмысты атап өту қажет. Доцент А.Вектұровтың жетекшілік етуімен органикалық емес химия кафедрасының ұжымы байлық қоры өте мол Қаратау фосфаритінен термофосфат алуға болатынын дәлелдеді. Термофосфат дефицит Арал сульфаты және Ленгер көмірінсіз алынған, сапасы бойынша Хибин апатитінен алынған термофосфаттан кем емес.

Профессор Гухман жергілікті шикізаттарға арналған мұздатқыштарға қажетті жылу жүйелеріне қолданатын ұялы еуе изоляциясын ойлап тапты. Материалдар Алматының мұздатқыш жасау басқармасына берілді.

Университетте жұмыс істейтін қызметкерлер тобы (профессор Гухман, профессор Литвинов және басқалар) Қазақстанның колхоз, совхоздарына арналған стандарттық типтегі күн арқылы қыздырғыштар мен жел қондырғыларын ойлап тапты.

Университеттің ғылыми тақырыбының ауқымы кеңейіп, тамырын тереңге жақы университет кафедраларының толығымен байланысты. Осы жылдары академик Ақулов, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі А.В.Думанский, коллоидтық химия негізін салушы, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі В.А.Догель профессорлар С.Г.Михлен, М.Я.Выгодский, Б.Н.Рутковский, М.А.Розенберг, Г.В.Гольдштейндер шақырылды.

1945 жылдың көктемі университет тарихының жаңа да жарқын беттерін бастаған уақыт болды. Соғыстан кейінгі алғашқы жылдың өзінде-ақ студенттердің қатары майданнан қайтып оралған жауынгерлермен толықты. Соғыстан кейінгі осы жылдарда тарих және геология-география факультеттері ашылып, ғалымдар мен оқытушылардың қатары көбейе түсті. Кешкі және сырттай оқытатын факультеттердің ашылуы маңызды оқиға болды. Бұл жылдары университеттің қалыптасуына оның ректоры болған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Т.Т.Төжібаев, Т.Б.Дарқанбаев, А.З.Закариндер үлкен үлес қосты.

Дайындаған Роза УМАРАЛИЕВА

Мерейтой

ҚР Жоғары Мектеп ҒА, Нью-Йорк ҒА академигі, Англияның Корольдік химия қоғамының мүшесі, коллоидниктердің халықаралық ассоциациясының (YASIC) және коллоидниктердің еуропалық қоғамының (ESSIC), PFA коллоидтық химия және физика-химиялық механика бойынша Ғылыми кеңесінің, PFA «Коллоидтық журнал» редколлегиясының мүшесі, химия ғылымдарының докторы, профессор Қуанышбек Битуұлы Мұсабеков мамыр айының 15 жұлдызында 70 жасқа толады.

Ұлағатты ұстаздың мерейтойы

Қ.Б.Мұсабеков 1940 жылы 15 мамырда Түркістан қаласында дүниеге келді. 1958 ж. Шымкент облысында «Балтакөл» орта мектебін бітіріп, 1958-59 жж. ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. 1959 ж. ҚазМУ-дың биология факультетіне түсіп, сол жылы химия факультетіне ауысады. 1964 ж. химия факультетін қызыл дипломмен бітіріп, ҚазССР ҒА Химиялық ғылымдар институтында (ХФИ) аға лаборант болып қызмет етеді. 1965-68 жж. Ленинград қаласындағы Жоғарымолекулалық қосылыстар институтында аспирант, ал, 1968-70 жж. ҚазССР ХФИ кіші ғылыми қызметкер болып қызмет етеді. 1970 ж. атакты ғалым профессор Г.В.Самсоновтың жетекшілігімен кандидаттық

диссертация қорғап, күрделі органикалық қосылыстарды тазалаудағы тиімділігі жоғары иониттерді синтездеуді меңгерді. 1970-72 жж. ҚазМУ-дың физикалық және электрохимиялы кафедрасының аға оқытушысы болып, 1972 жылы Қазақстанда алғаш рет ашылған ҚазМУ-дың коллоидтық химия кафедрасын басқарады. Қ.Б.Мұсабеков кафедраны ұзақ жылдар басқарып, оның қалыптасуы мен дамуына үлкен үлес қосты. 1984 ж. «Полиэлектролиттер мен беттік активтік заттардың ассоциаттарын фазааралық беттерде пайдаланудың химиялық негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. Кейіннен өзі көптеген ғылыми мамандар-



ды тәрбиелейді. Оның жетекшілігімен 5 ғылым докторы (Ж.Ә.Әбілов, С.Б.Айдарова, Қ.И.Әубақирова, С.М.Тәжібаева, Қ.И.Омарова) және 30-дан астам ғылым кандидаттары даярланды. Нәтижесінде елімізде коллоидтық химия саласында жаңа ғылыми бағыт – суда еритін полимерлердің және олардың беттік-активтік заттармен ассоциаттарының коллоидтық химиясы – қалыптасты. 1987-95 жж. Қ.Б.Мұсабеков химия факультетінің деканы болып қызмет етті. Осы жылдары проф. Қ.Б.Мұсабековтың басшылығымен химия пәнінің Республикалық оқу-әдістемелік орталығы, коллоидтық химиядан кандидаттық диссертация қорғалатын арнайы Кеңес

ашылды, факультет ұжымы іргелі және қолданбалы ғылыми жұмыстардың нәтижесін, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыруда бірсыпыра табыстарға жетті.

Проф. Қ.Б.Мұсабековтың мамандар даярлаудағы жан-жақты үлестері ескеріліп, ол «Социалистік жарыстың жеңімпазы» (1975ж.), ҚазССР ЖОО министрлігінің мақтау грамотасымен, «Білім беру озаты» (1998ж.), ҚР Мемлекеттік ғылыми стипендиясымен (2004-05жж.), «2007 жылдың үздік оқытушысы» атағымен, ҚазҰУ-дың 75 жылдық мерейтойына орай университеттің «Үлкен алтын медалімен» (2009ж.) марапатталды.

Ұлағатты ұстаздың терең білімінен сусындаған шәкірттері бүгінде республикамыздың көптеген ЖОО-лары мен ғылыми мекемелерінде ғылыми жұмыстарды одан әрі дамыту жолында еңбек етеді.

Осы орайда, сол шәкірттері мен кафедра ұжымының атынан проф. Қ.Б.Мұсабековты 70 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, отбасына бақ-береке, ғылыми ізденістеріне табыс тілейміз!

Профессор Ә.ҚОҚАНБАЕВ,
катализ, коллоидтық химия
және мұнай химиясы кафедрасы

Юбилей

Вечная память выдающемуся ученому Казахстана

Казахский национальный университет имени аль-Фараби провел научную конференцию «Катализ и химическая технология в XXI веке», посвященную 100-летию со дня рождения выдающегося ученого – основателя каталитической химии в Казахстане, Героя Социалистического Труда, академика Дмитрия Владимировича Сокольского.

Академик Сокольский – значимая фигура, как для всей мировой общественности, так и для становления и развития каталитической химии в Казахстане. Научные труды и разработки Д.В.Сокольского вошли в мировую сокровищницу знаний в области теории и практики катализа и остаются до настоящего дня основой для развития и внедрения в промышленное производство новых технологий катализаторов, каталитических и электрохимических процессов. Неоценим вклад большого ученого в организацию первой в республике кафедры катализа и технической химии в Казахском государственном университете (1945 г.) и первого института органического катализа и электрохимии при АН КазССР (1974 г.), ставшими настоящей «кузницей» по подготовке научных и педагогических кадров для республики.

Сегодня научные разработки кафедры, созданной Сокольским Д.В., направлены на решение фундаментальных аспектов дизайна катализаторов направлен-



ной функционализации углеводородного сырья РК, разработку научных основ создания новых материалов, а также технологий подготовки и переработки первичного и вторичного углеводородного и углеродосодержащего сырья. Успешно решаются и многие другие задачи в области гетерогенного и гомогенного катализа.

В работе конференции приняли участие достойные ученики Д.В.Сокольского – известные ученые, видные общественные деятели, преподаватели ведущих вузов республики, а так же студенты и аспиранты. Все они с благодарностью относятся к своей альма-матер и помнят своих педагогов, воздавая дань уважения их светлой памяти. Среди таких учеников Дмитрия Сокольского, Куралбек Садиевич Кулажанов – член Алматинского отделения партии «НурОтан» и президиума Ассоциации выпускников КазНУ, учредитель и спонсор именных стипендий Б.А.Беремжанова и Д.В.Сокольского.

Куралбек Садиевич Ку-

лажанов в канун празднования 100-летия со дня рождения своего учителя вручил студентам именные стипендии. Стипендия имени Д.В.Сокольского вручена магистрантке Индира Джелдыбаевой. Она с отличием окончила КазНУ по специальности «химическая технология органических веществ». Пожалуй, лучше многих мужчин разбирается в марках моторных топлив, ибо ее дипломная работа посвящена мерам по улучшению их качества. Ее захватила перспективное научное направление «катализ и нефтехимия» и первые результаты исследований она представила еще будучи студенткой на республиканском молодежном проекте новых технологий и инновационных идей и международном молодежном нефтегазовом форуме.

Стипендия имени Б.А. Беремжанова вручена студентке 3 курса Салтанат Нурбосыновой, которая имеет не только отличные оценки, но и занимается научной работой по перспективному направлению «химия

природных соединений». Ее подклады уже отмечены дипломами международных конференций.

Ежемесячный размер каждой именной стипендии, назначенной на учебный год, внушительный, и составляет двадцать пять тысяч тенге. Вручая стипендии, академик Кулажанов подчеркнул, что благородная цель Ассоциации – объединить выпускников, помочь им в личном и профессиональном росте, содействовать их карьере и успеху.

А цель конференции, посвященной 100-летию основателя каталитической химии в Казахстане Дмитрия Владимировича Сокольского привлечь внимание научной общественности республики и молодых ученых к личности выдающегося ученого и оставленной им последующим поколениям ученых кладези идей, научного предвидения, инструментов теоретического осмысления и практической реализации очень многих процессов и явлений катализа.

**Меруерт
МУХАМЕТЖАНОВА**

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ ВАКАНТНЫХ ДОЛЖНОСТЕЙ ПРОФЕССОРСКОГО-

ПО БИОЛОГИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ – 18

- Кафедра ботаники и экологии:**
- старший преподаватель -2
- Кафедра биотехнологии, биохимии, физиологии растений:**
- доцент -1
- преподаватель -1
- Кафедра генетики и молекулярной биологии:**
- доцент -2
- ст.преподаватель -2
- преподаватель -1
- Кафедра микробиологии:**
- профессор -1
- доцент -3
- Кафедра зоологии и гистологии:**
- доцент -2
- ст.преподаватель -3

ПО ФАКУЛЬТЕТУ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ - 14

- Кафедра арабистики:**
- доцент -3
- Кафедра японоведения:**
- ст.преподаватель -1
- преподаватель -2
- Кафедра туркологии и истории стран Востока:**
- ст.преподаватель -1
- Кафедра китаеведения**
- ст.преподаватель -5
- преподаватель -1
- Кафедра иранистики и индологии:**
- ст.преподаватель -1

ПО ГЕОГРАФИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ – 20

- Кафедра физической географии и геоэкологии:**
- зав.кафедрой -1
- доцент -2
- Кафедра экономической и социальной географии:**
- зав.кафедрой -1
- профессор -1
- доцент -1
- ст. преподаватель -1
- Кафедра геоморфологии и картографии:**
- зав.кафедрой -1
- ст.преподаватель -2
- преподаватель -1
- Кафедра метеорологии**
- преподаватель -1
- Кафедра гидрологии суши**
- зав.кафедрой -1
- доцент -2
- ст.преподаватель -1
- Кафедра туризма:**
- зав.кафедрой -1
- доцент -2
- ст.преподаватель -1

ПО ИСТОРИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ – 17

- Кафедра археологии и этнологии:**
- доцент -3
- старший преподаватель -4
- Кафедра всемирной истории:**
- доцент -2
- Кафедра древней и средневековой истории Казахстана:**
- профессор -1
- доцент -3
- Кафедра новой и новейшей истории Казахстана:**
- Доцент -2
- Кафедра источниковедения и историографии:**
- профессор -1
- доцент -1

ПО ФАКУЛЬТЕТУ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ – 20

- Кафедра международных отношений и внешней политики РК:**
- зав. кафедрой -1
- доцент -2
- ст. преподаватель -1
- преподаватель -2
- Кафедра международного права:**
- доцент -2
- ст. преподаватель -3
- Кафедра иностранных языков:**
- ст. преподаватель -1
- Кафедра регионоведения и мировой экономики:**
- зав. кафедрой -1
- профессор -1
- старший преподаватель -1
- Кафедра современных восточных языков:**
- зав. кафедрой -1
- доцент -3
- старший преподаватель -1

ПО ФАКУЛЬТЕТУ ЖУРНАЛИСТИКИ -13

- Кафедра менеджмента СМИ и рекламы:**
- зав.кафедрой -1
- ст.преподаватель -1
- Кафедра периодической печати:**
- зав.кафедрой -1
- Кафедра истории журналистики:**
- зав.кафедрой -1
- профессор -1
- ст.преподаватель -1
- Кафедра международной журналистики:**
- зав.кафедрой -1

- доцент -1
- ст.преподаватель -1
- 5. Кафедра издательского дела и редактирования:**
- зав.кафедрой -1
- ст.преподаватель -1
- 6. Кафедра телевизионной и радиожурналистики:**
- зав.кафедрой -1
- ст.преподаватель -1

ПО МЕХАНИКО- МАТЕМАТИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ – 41

- Кафедра теории вероятностей и математической статистики:**
- заведующий кафедрой -1
- профессор -1
- доцент -3
- старший преподаватель -1
- преподаватель -1
- Кафедра дифференциальных уравнений и математической физики:**
- доцент -1
- Кафедра информационных системы:**
- профессор -1
- доцент -3
- старший преподаватель -1
- Кафедра математического и компьютерного моделирования:**
- доцент -1
- Кафедра геометрии, алгебры и математической логики:**
- доцент -1
- старший преподаватель -1
- Кафедра информатики:**
- заведующий кафедрой -1
- профессор -2
- доцент -2
- старший преподаватель -2
- преподаватель -1
- Кафедра механики:**
- заведующий кафедрой -1
- профессор -3
- доцент -3
- старший преподаватель -1
- Кафедра вычислительной математики:**
- доцент -3
- Кафедра математического анализа:**
- профессор -1
- доцент -3
- старший преподаватель -1
- преподаватель -1

ПО ФИЗИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 21

- Кафедра теоретической физики:**
- зав.кафедрой -1
- доцент -1

- ст.преподаватель -1
- 2. Кафедра теплофизики, стандартизации и метрологии:**
- зав.кафедрой -1
- доцент -2
- преподаватель -1
- 3. Кафедра оптики и физики плазмы:**
- профессор -1
- ст.преподаватель -3
- 4. Кафедра физики твердого тела и материаловедения:**
- доцент -1
- 5. Кафедра нелинейной физики и электроники:**
- зав.кафедрой -1
- доцент -3
- ст.преподаватель -1
- 6. Кафедра ядерной физики:**
- профессор -1
- доцент -1
- ст.преподаватель -1
- преподаватель -1

ПО ХИМИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 34

- Кафедра неорганической химии:**
- доцент -4
- преподаватель -1
- Кафедра органической химии и химии природных соединений:**
- профессор -1
- доцент -5
- ст.преподаватель -1
- Кафедра физхимии и электрохимии:**
- доцент -2
- ст.преподаватель -2
- Кафедра аналитической химии и химии редких элементов:**
- доцент -3
- Кафедра общей химии и химической экологии:**
- доцент -2
- Кафедра катализа, коллоидной химии и нефтехимии:**
- профессор -1
- доцент -3
- преподаватель -1
- Кафедра химической физики и химии ВМС:**
- доцент -4
- ст.преподаватель -3
- преподаватель -1

ПО ФИЛОЛОГИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ – 5

- Кафедра казахской филологии:**
- заведующий кафедрой -1
- доцент -1
- Кафедра русской и мировой литературы:**





ОБЪЯВЛЯЕТ КОНКУРС НА ЗАМЕЩЕНИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКОГО СОСТАВА:

- доцент - 2
- 3. Кафедра казахской литературы:**
- профессор - 1
- По Факультету философии и политологии -29**
- 1. Кафедра общей и этнической педагогики:**
- доцент -4
- преподаватель -2
- Кафедра политологии:**
- профессор - 1
- старший преподаватель -1
- преподаватель -1
- 3. Кафедра социологии и социальной работы:**
- старший преподаватель -1
- 4. Кафедра общей и этнической психологии:**
- доцент - 2
- старший преподаватель -6
- преподаватель -1
- 5. Кафедра социальной философии:**
- профессор - 1
- доцент -2
- старший преподаватель -2
- 6. Кафедра философии науки и религиоведения:**
- профессор - 1
- доцент -1
- старший преподаватель -1
- 7. Кафедра культурной антропологии:**
- старший преподаватель -1
- преподаватель -1

ПО ЮРИДИЧЕСКОМУ ФАКУЛЬТЕТУ - 37

- 1. Кафедра гражданского и предпринимательского права:**
- доцент - 1
- ст.преподаватель - 4
- 2. Кафедра трудового права и гражданского процесса:**
- зав.кафедрой -1
- доцент - 3
- ст.преподаватель - 2
- 3. Кафедра инвестиционного и финансового права:**
- зав.кафедрой -1
- ст.преподаватель - 2
- 4. Кафедра конституционного и административного права:**
- преподаватель - 1
- 5. Кафедра криминалистики и судебных экспертиз:**
- зав.кафедрой -1
- доцент - 1
- ст.преподаватель - 4
- преподаватель - 1
- 6. Кафедра теории и истории государства и права:**

- зав.кафедрой -1
- доцент - 2
- 7. Кафедра судебной власти и уголовного процесса:**
- профессор - 2
- доцент - 1
- ст.преподаватель - 2
- 8. Кафедра природоресурсового и экологического права:**
- профессор - 1
- доцент - 2
- ст.преподаватель - 4

ПО ФАКУЛЬТЕТУ ЭКОНОМИКИ И БИЗНЕСА - 39

- 1. Кафедра макро-микро экономики:**
- доцент - 1
- ст.преподаватель - 4
- 2. Кафедра менеджмента и бизнеса:**
- профессор - 1
- доцент -1
- ст.преподаватель - 2
- преподаватель - 1
- 3. Кафедра экономической теории:**
- доцент -1
- ст.преподаватель - 5
- преподаватель - 1
- 4. Кафедра маркетинга и коммерции:**
- ст.преподаватель - 2
- преподаватель - 2
- 4. Кафедра «Финансы»**
- зав.кафедрой -1
- доцент - 5
- ст.преподаватель - 2
- преподаватель -5
- 5. Кафедра учета и аудита:**
- зав.кафедрой -1
- доцент - 1
- ст.преподаватель - 2
- преподаватель -2
- Подготовительный факультет для иностранных граждан - 25**
- Довузовская кафедра:**
- зав. кафедрой -1
- доцент -4
- старший преподаватель -5
- преподаватель -8
- 2. Кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев:**
- доцент - 1
- старший преподаватель -4
- преподаватель -2

ОБЩЕУНИВЕРСИТЕТСКИЕ КАФЕДРЫ -22

- Кафедра физвоспитания и спорта:**
- зав. кафедрой -1

- доцент - 1
- старший преподаватель -4
- преподаватель -3
- 2. Кафедра иностранных языков естественных факультетов:**
- старший преподаватель -3
- преподаватель -2
- 3. 1-ая гуманитарная кафедра иностранных языков:**
- зав. кафедрой - 1
- старший преподаватель -4
- 2-ая гуманитарная кафедра иностранных языков:**
- старший преподаватель -3

Итого: 356

СРОК ПРИЕМА ДОКУМЕНТОВ ДО 31 МАЯ 2010 ГОДА ВКЛЮЧИТЕЛЬНО.

Перечень необходимых документов:

- 1. заявление на имя ректора университета;**
- 2. личный листок по учету кадров;**
- 3. автобиография;**
- 4. копии дипломов о высшем образовании, академической и ученой степени, аттестата об ученом звании, заверенные в установленном порядке;**
- 5. список научных работ и изобретений;**
- 6. анкета;**
- 7. характеристика с последнего места работы.**

Для сотрудников университета, участвующих в конкурсе, необходимо предоставить документы согласно пунктам №1, №5, №6, №7 перечня необходимых документов. Документы принимаются по адресу: г.Алматы, проспект аль-Фараби 71, кабинеты № 703,704 отдела кадровой работы КазНУ имени аль-Фараби.
Телефон: 377-35-35, 377-33-30, внут (11-71, 11-73)
Факс: 377-33-44
Контактные лица:
М.С.Нурсейтова, А.Н.Удербоева, А.М.Канигаева, Г.Д.Аманжолова.

Начальник ОКР
А.Жаксылыков

377-35-35 (1170)

■ Күттықтау!

Жуырда өткен «Қазақстан Республикасының президенттік институты: тарих және қазіргі заман - 20 жыл!» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция аясында республикалық ЖОО-ның заң саласы ардагерлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің арнайы бұйрығымен «ҚР ғылыми дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталған болатын. Солардың ішінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бір-қатар оқытушылары да бар. Олар:

1. Джансарова Рима Еренатқызы, з.ғ.д., қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі,
2. Байделдинов Дәулет Лайықұлы, з.ғ.д., заң факультетінің деканы,
3. Баймурзин Ғалирашид Ыдырысұлы, з.ғ.к., қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры,
4. Бертүгірова Лязиза Шалтайқызы, з.ғ.д., сот билігі және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының профессоры,
5. Исаев Аджимұрат Алыбалаевич, з.ғ.д., криминалистика және сот сараптамасы кафедрасының меңгерушісі,
6. Кенжалиев Зайлағи Жантуғанұлы, з.ғ.д., конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі,
7. Ким Владимир Александрович, з.ғ.д., конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының профессоры,
8. Сартаев Сұлтан, з.ғ.д., мемлекет пен құқықтың теориясы және тарихы кафедрасының профессоры,
9. Еркінбаева Ләззат Қалымбекқызы, з.ғ.д., табиғи ресурстық және экологиялық құқық кафедрасы,
10. Сапарғалиев Ғайрат Сапарғалиұлы, з.ғ.д., мемлекет және құқық институтының директоры

P.S. Аталған қуаныш иелерін ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушылар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтап, дендеріне саулық, еңбектеріне жеміс тілейміз!

■ Басқосу

9-10 сәуір күндері «Қазақстан» қонақ үйінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Еуропалық ақпараттық орталық және Қазақстан халқының рухани даму қорының ұйымдастыруымен «Қазақстанның Орталық Азияда бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған ҚР мемлекеттік басқару органдары мен елімізде аккредиттелген дипломатиялық миссиялардың өкілдері, отандық және Ресей, Өзбекстан, Қырғызстаннан келген шетелдік сарапшылар қатысты.

Бейбітшілік пен қауіпсіздік – басты ұстаным

Конференцияда Орталық Азия елдерінің аймақтық ынтымақтастығы және қауіпсіздігі төңірегіндегі өзекті мәселелер, сонымен қатар, Қазақстанның халықаралық және аймақтық қауіпсіздік құрылымдарындағы бастамалары кеңінен сөз болды. Сонымен қатар, Орталық Азия – қауіпсіз аймақ, Орталық Азияда қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері аясындағы Қазақстанның ЕКБҰ-да төрағалығы, Орталық Азия елдерінің мүдделері және аймақтық қауіпсіздіктің болашағы атты секциялар бойынша беделді ғалымдардың баяндамалары, осы мәселелерге қатысты сарапшылардың пікірлері тыңдалды. 2010 жылы Қазақстанның ЕКБҰ-ға жемісті төрағалық ету мәселесі қызу талқыға түсті.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



■ **Акция**

СЕНБІЛІК – ТАЗАЛЫҚ, ал тазалық – имандылық негізі

2 сәуірде «Ботаника және фитоинтродукция» бағында «Жасыл ел» Алматы қалалық филиалы, Алматы қаласы жастар саясаты жөніндегі басқармасы, «Нұр Отан» ХДП АҚФ «Жас Отан» жастар қанаты және Алматы қалалық Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қорының ұйымдастыруымен «Жасыл ел» бағдарламасына 5 жыл толуына орай «Таза әлем» атты экологиялық акция өтті. Бұл акцияда «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары ағаш отырғызумен қатар сенбілік жасады.

«Таза әлем» қалалық акциясының басты мақсаты қоршаған ортаны қорғау, қаламыздың әсем табиғатын көркейтіп, жасыл желекке бөлеу болып табылады. Аталған республикалық акцияны өткізуге Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғатты тиімді пайдалану департаменті мен Алматы

қаласы жастар саясаты жөніндегі басқармасы қолдау танытты.

«Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарының АҚФ Алматы қаласындағы ең белсенді жастар ұйымы екені баршаға белгілі. Аталмыш ұйым экологиялық бағытта «Экосақшы», «Таза өзен», «Таза аула», «Халық бірлігі –

таза Қазақстан үшін!» атты біршама жобаларды жүзеге асырып келеді. Сондай-ақ осындай жобаларға, акцияларға – көгалдандыру, ағаш отырғызу және тазарту жұмыстарына студент жастар көптеп тартылуда. Өткен еңбек маусымында «Жасыл Ел» еңбек жасақтарының қатарында 500-ден астам студент жастар жұмыс атқарды. Биылғы жылы осы студенттер қатарын екі есеге арттыру жоспарға енгізіліп отыр. Тек экологиялық ғана емес, сонымен қатар мәдени-ағартушылық, жастарды отансүйгіштікке

баулу, қоғамдық жұмыстарға тарту бағытында жұмыстар жасалуда.

Бұл шара Алматы қаласындағы ЖОО-ның 500-ден астам студенттерінің қатысуымен жүзеге асса, оның ішінде 100-ден аса студент – ҚазҰУ белсенділері. Сонымен қатар бұл акцияға Жазушылар Одағының елімізге танымал қоғам қайраткерлері, қаламгерлер, эстрада жұлдыздары және жастар ұйымдарының белсенді мүшелері ат салысты.

Өз тілшімізден

■ **Көзайым**



Сталиндік кезеңдегі Қазақстан басшылары жайлы кітап шықты

6 сәуірде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде тарих ғылымдарының докторы, профессор В.К.Григорьев пен Л.С.Ахметованың «Сталиндік кезеңдегі Қазақстандық бірінші басшылар» атты оқу құралының тұсаукесер салтанаты өтті.

Кітап 1924-1953 жылдарды қамтып, сталиндік кезеңдегі басшылар туралы көптеген мағлұмат береді. Бұл отыз жыл мемлекет пен қоғам үшін барлық жағынан үлкен өзгерістердің кезеңі болды. Халықтың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан көшпенді өркениеттен өндірістік қоғамға өтуі.

Бұл отыз жылда Сталин тек республика басшыларын ғана емес, сонымен қатар саясатқа, стратегияға, Қазақстанды басқару тактикасына деген көзқарасын өзгертіп отырды. Осыған байланысты Филипп Голошкин, Левон Мирзоян, Николай Скворцов, Жұмабай Шаяхметов сынды нақты адамдарды ұсынды.

Бұл очерктерге негізінен тарихшылар мен саясаткерлердің қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстанның бірінші тұлғалары туралы ой-толғаныстары арқау болған. Сол себепті, бұл кітап саяси тарих жанрына жатқызылып отыр.

Кітап студенттерге, ұстаздар қауымына, журналистерге, саясаткерлерге, әлеуметтанушыларға және ХХ ғасыр тарихы мәселелері қызықтыратын оқырмандарға арналған.

Дарига АМАНГЕЛЬДИЕВА

■ **Спорт**

Тәні саудың – жаны сау!

Спорттың қашанда денсаулықтың кепілі екендігі бәрімізге мәлім болып келген. Осындай тұрғыда ойлайтын Қазақ ұлттық университетінің студенттері 11 сәуір – Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау күніне орай, факультетаралық спартакиада ұйымдастырды. Бұл спорттық іс-шара Қазақ ұлттық университеті спорт-клубының 60 жылдығымен тұспа-тұс келіп, Ұлы Жеңістің 65 жылдығына өзіндік ерекшелігімен өрнектеле ұштастырылды. Салауатты өмір салтын сүйетін, денені үнемі шынықтыра өмір сүретін университет студенттері арасынан 13 команда қатысты. Сол күнгі ауа-райының қолайсыздығына байланысты, жарыстың кейбір кезеңдері қысқартылғанымен, студенттер өздерінің шыныққан шымырлықтарын ба-

рынша көрсете алды. Ол, әрине командалардың жеткен жеңістерінен көрінді. Атап айтқанда, командалық «арқан тартыс» сайысы және бүкіл спартакиадаға қатысудағы факультет белсенділігі бойынша, жүлделі 3 орын иегері болып тарих факультетінің командасы атанса, 2 орынды философия және саясаттану факультетінің командасы мен химия факультетінің командалары өзара бөлісті. Ал, жүлделі 1 орынды биология факультетінің студенттері қанжығаларына байлады. Сондай-ақ, «білімді мыңды, білекті бірді жығар» дегендей, бір емес, бірнеше білектіні жығып, жеңіске жеткендер де бар. Бір қызығы, білекті жігіттерімізбен қоса, аруларымыз да сайыста бақ сынасты. Сонымен, «қолкүрес» сайысының қорытындысы



бойынша, жігіттер арасында 3 орынды экономика және бизнес факультеті, 2 орынды философия және саясаттану факультеті, ал жеңімпаздық 1 орынды химия факультеті иеленді. Ал, аруларымыздың арасында өткен «қолкүрес» сайысының қорытындысы келесідей өрнектелді: 3 орын филология факультетіне, 2 орын биология факультетіне, ал 1 орын химия факультетіне берілді. Жетістік белестері осылайша сипатталған командалар мен олардың жанкүйерлерінің

қуаныштарында шек болған жоқ. Барлық қатысушылар спартакиаданы өте жоғарғы мерекелік көңіл-күймен өткізді. Ол, тіпті, өз командаларына жанкүйерлік танытып келген факультет декандары мен декан орынбасарларының студенттермен бірге би билеп, бірге ән салған шақтарынан-ақ білініп тұрды. Салауатты өмір салтын ұстанатын, жаттығуға әрдайым күш табатын студенттеріміз көп болғай!

Сандуғаш ҚАРТАЕВА

■ **Кездесу**

Театр майталмандары – ҚазҰУ қонақтары

Адам жаны әсемдік пен рухани үйлесімділікке тәрбиелейтін ең негізгі қара шаңырақ – театр. Әсіресе, жас буын жеткіншек үшін театр қойылымдарымен жете танысып отыру олардың зиялы қауым болып қалыптасуына бастайтын негізгі қадам іспеттес.

Елімізде алғашқы театрлар ХІХ ғасырдың екінші жартысында құрыла бастағаны белгілі. Қай заманда да театр өз мәнін жоғалтқан емес, алайда спектакль тамашалай барғаныңызда көрермен қатарынан жастар қарасы азайып бара жатыр деген назды пікірдің орын-

ды екендігіне көз жеткізесіз. Ал, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінде сәуір айының 12 жұлдызында Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры ұжымымен өткен кездесу сәл де болса бұл назды сөйлткендей болды.

Себебі, театр басшылығы мен актерларына қойылған сұрақтардың өн бойы Ғ.Мүсірепов театрының қойылымдарына қатысты өрбиді. Сонымен бірге көзі ашық, көкірегі ояу көрерменнің тарапынан жолданған сауалдардың дені бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелерді де қозғап өтті. Бұл дегеніміз

еліміздегі үздік оқу ордасының студенттері театр қойылымдарымен жіті танысып, жиі көрермендік танытып жүретіндігінің белгісі. ҚазҰУ студенттерімен арнайы кездесіп, тілдесуді мақсат тұтқан бұл жиынға Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының директоры Талғат Теменовпен қатар аталған театр актерлары Жанар Мақашева, Әсел Мәмбетова, Ақбота Қаймақбаева және Мұхит Шынтаев келді.

Өз сөзінде театр басшысы Талғат Теменов қара шаңырақтың кешегі тарихынан сыр шертіп, Әмина апамыз сияқты айтулы өнер

қайраткерлерін еске алып, бүгінгі тыныс-тіршілігінен де сөз қозғады. Жастар тарапынан қойылған тіл мәселесі, ұлттық нақыш, қоғам бірлігі сияқты өзекті сауалдар мен театр ауылға да жол салып тұрса деген ұсынысқа орынды жауап қатқан өнер шеберлері алдағы уақытта Мәскеу қаласына гастрольдік сапар жасап, “Бұлбұлдар түні”, “Қорқыттың көрі”, “Мулен-Ружға шақыру” сияқты қойылымдарын ресейлік көрермен назарына ұсынуды жоспарлап отырғандықтарын жеткізді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ **ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

■ **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор –
Жауапты хатшы –
Бөлім меңгерушісі –
Редакторлар –

Дәрмен СМАЙЫЛ;
Дарига АМАНГЕЛЬДИЕВА,
Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ,
Меруерт МҰХАМЕТЖАНОВА,
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА,
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ;

Фототілші –

■ **МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

480078, Алматы,
Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. “Кредосс-Б” баспаханасында (Егізбаев 7^А көшесі) басылды. Тел: 8 (727) 3-94-24-45

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс №215

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.